ҒТАМР 06.71.01

**Тукибаева К.Б.[1], Барлыков Е.К.[2]**

[1]докторант, e-mail: kuralay_bazarbekkyzy@mail.ru
[2]э.ғ.к., доцент, e-mail: erbolat_barlykov@mail.ru
[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

# АСТАНА ҚАЛАСЫ МЕН АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК САЛАСЫН ДАМЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Әлемдік туристік нарық жүйесіне кіріктірілген жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті туристік саланы қалыптастыру ішкі және кіру туризмі мен өңірлік мәдени-туристік кластерлерді дамытуды; ел экономикасындағы туристік саланың үлесі мен туристік өнім сапасын арттыруды, инвестициялар тарту мен туристік дестинацияларды ішкі және халықаралық нарықтарда ілгерілетуді талап етеді. Сондықтан, авторлардың мақалада қозғаған мәселелері жан-жақты зерттеу мен кешенді талдауды, ғылыми негіздеме дайындауды қажет ететіндігі тақырыптың өзектілігін айқындайды. Қазақстан Республикасында туризм индустриясын дамытудың стратегиялық пайымы бұл Қазақстанды жаһандық танылатын туристік дестинация ретінде бекіту. Мақаланың негізгі мақсаты қазіргі таңдағы экономикада қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, Астана қаласы мен Ақмола облысының туристік саласын дамытудың мәселелері мен мүмкіндіктерін және ондағы кедергілер мен тежеуші факторларды анықтап, мәселені шешуге бағытталған. Анықталған мақсаттың негізінде авторлар туристік саланы дамытудың негізгі көрсеткіштерін, туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексіне сәйкес елдегі туристік саланың күшті және әлсіз жақтарын, мәселелердің шешіміне әсер ететін факторларды, Астана және Ақмола облысының туристік сала дамуын мемлекеттік қолдаудың институционалдық инфрақұрылымын, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың құралдарын зерттеу әрі талдау арқылы, оның дамуына кедергі келтіретін мәселелерді шешуді көздейтін нақты ұсыныстар берген.

**Түйін сөздер:** туристік сала, кластер, инфрақұрылым, бағдарлама, туристік өнім, инновация, дестинация.

Tukibayeva K.B.[1], Barlykov E.K.[2]

[1]doctoral student, e-mail: kuralay_bazarbekkyzy@mail.ru
[2]candidate of Economic Sciences, Assistant Professor, e-mail: erbolat_barlykov@mail.ru
[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

## Problems and prospects of tourism industry development of Astana city and Akmola region

The formation of a highly efficient, competitive tourism industry integrated into the global tourism market system requires the development of domestic and inbound tourism, regional cultural and tourist clusters; increasing the share of the tourist industry in the country's economy and the quality of the tourist product, attracting investment and promoting tourist destinations in the domestic and international markets. Therefore, the relevance of the topic determines that the problems raised by the authors in the article require a comprehensive study and analysis, the preparation of scientific substantiation. The strategic vision of the development of the tourism industry in the Republic of Kazakhstan is the statement of Kazakhstan as a globally recognizable tourist destination. The main purpose of the article is to solve problems and determine the prospects for the development of the tourism industry in the city of Astana and the Akmola region, to identify barriers and constraints taking into account the current situation in the economy. Based on the identified goal, the authors analyzed the main indicators of the tourism industry, its strengths and weaknesses in accordance with the tourism competitiveness index, identified factors

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

affecting problem solving, studied the institutional infrastructure of state support for the development of the tourism industry in Astana and Akmola region, development tools of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan and gave specific proposals aimed at solving the problems impeding the development of tourism.

**Key words:** tourism industry, cluster, infrastructure, program, tourism product, innovation, destination.

Тукибаева К.Б.[1], Барлыков Е.К.[2]

[1]докторант, e-mail: kuralay_bazarbekkyzy@mail.ru
[2]к.э.н., доцент, e-mail: erbolat_barlykov@mail.ru
[1,2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

**Проблемы и перспективы развития туристской отрасли города Астаны и Акмолинской области**

Формирование высокоэффективной, конкурентоспособной туристской отрасли, интегрированной в систему мирового туристского рынка, требует развития внутреннего и въездного туризма и региональных культурно-туристских кластеров; повышения доли туристской отрасли в экономике страны и качества туристского продукта, привлечения инвестиций и продвижения туристских дестинаций на внутреннем и международном рынках. Поэтому актуальность темы определяет, что проблемы, затронутые авторами в статье, требуют всестороннего исследования и комплексного анализа, научного обоснования. Стратегическое видение развития индустрии туризма в Республике Казахстан это утверждение Казахстана в качестве глобально узнаваемой туристской дестинации. Основной целью статьи является решение проблем и определение перспектив развития туристской отрасли города Астаны и Акмолинской области, выявление барьеров и сдерживающих факторов с учетом сложившейся ситуации в экономике. На основе выявленной цели авторами были проанализированы основные показатели развития туристской отрасли, ее сильные и слабые стороны в соответствии с индексом конкурентоспособности туризма, выявлены факторы, влияющие на решение проблем, изучены институциональная инфраструктура государственной поддержки развития туристской отрасли в Астане и Акмолинской области, инструменты развития туристской отрасли Республики Казахстан и даны конкретные предложения, направленные на решение проблем, препятствующих развитию туристской отрасли.

**Ключевые слова:** туристская отрасль, кластер, инфраструктура, программа, туристский продукт, инновация, дестинация.

## Кіріспе

Туристік сала жалпы ішкі өнімді қалыптастыру мен сыртқы сауда балансын нығайтуда, қосымша жұмыс орындарын құруда маңызды рөл атқаратын әлемдік экономикадағы қарқынды дамып жатқан табысты салалардың бірі. Әсіресе, 32 салаға жанама ықпал ете отырып, экономикаға оң мультипликативтік әсер береді. Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметтері бойынша әлемдік ЖІӨ-нің 10%-ы, экспорттың 7%-ы, қызмет көрсету экспортының 30%-ы туристік салаға тиесілі және әрбір 10-шы жұмыс орны туризм индустриясында құрылады (UNWTO Tourism Highlights, 2018). Туризмді Қазақстан Республикасында экономикалық дамытудың ұлттық басымдықтарының бірі ретінде қарастыруға болады. Өйткені, ол бюджетке салықтық түсімдердің, шетелдік валюта ағынының, жұмыс орындары санының өсуіне, мәдени және табиғи мұраның сақталуы мен оңтайлы пайдаланылуына, жергілікті халықтың кәсіпкерлік қызмет мәдениеті мен туристік инфрақұрылымды дамытуға едәуір үлес қосады.

Мақаланың мақсаты – Астана қаласы мен Ақмола облысының туристік саласын дамытудың мәселелері мен мүмкіндіктерін зерттеу.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесідей міндеттер қойылды:

RQ1: Қазақстандағы туристік сала дамуының жағдайын талдау

RQ2: Астана қаласы мен Ақмола облысындағы туристік сала дамуының институционалдық инфрақұрылымын зерттеу.

RQ3: Астана қаласы мен Ақмола облысының туристік саланы дамытудағы мүмкіндіктерін анықтау.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде туристік саланың дамуы, оның ішінде аймақтық даму мәселелеріне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері қолданылды.

Астана қаласы мен Ақмола облысының туристік саласын дамытудың мәселелері мен мүмкіндіктері практикалық тұрғыдан зерттеуді қажет еткендіктен, оның қазіргі даму жағдайын сипаттайтын статистикалық деректер, есептер, жобалар, мемлекеттік бағдарламалар, жолдаулар, тұжырымдамалар мен заңнамалық құжаттар зерттелді. Олардың арасында The Travel & Tourism Competitiveness Report-2017, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы және т.б. қарастырылды. Зерттеу барысында қойылған мақсаттарға жету үшін келесідей әдістер қолданылды, атап айтқанда: теориялық қорытындыларды құру және зерттеу қорытындыларын қалыптастыру үшін абстрактілі-логикалық әдіс, туристік қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін басқару үдерісінің заңдылықтарын анықтау үшін жалпылау, синтез, талдау және салыстыру әдістері, туристік қызметтердің дамуын басқаруға әсер ету факторларын анықтау үшін экономикалық-статистикалық әдістер.

**Әдебиеттерге шолу**

Жоғарыда атап өткендей, туристік саланың қалыптасуы мен дамуына қатысты мәселелерге көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, ғылыми мақалалары арналған: Олардың ішінде, А.М. Хьялагер (Hjalager, 1997) туризмдегі инновацияның жіктемесін әзірлеген, оған сәйкес инновацияның өнімдік, үдерістік, басқарушылық және институционалдық түрлерін бөліп қарастырған, ғалымның жаңалығы қазіргі кезде де өзектілігін жоғалтпай, аймақтардың туристік саласын дамытудың мүмкіндіктерін айқындауда үлкен үлес қосып келеді. Мәселен, А.А. Жукова (Давыденко, 2016) туризм нарығында бәсекелестік артықшылықтарға жету мәселелері, туризм индустриясындағы басқарудың ұйымдастырушылық формалары, туризм индустриясы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі мен корпоративтік мәдениеті арасындағы өзара байланысы, жаңа қызметтерді қалыптастырудың қағидаларын зерттесе, С.А. Хомич (Давыденко, 2016) бірегей нысандар негізінде туризмді дамытудың жергілікті және аймақтық бағдарламаларына арналған инновациялық ресурстарды қолдануды, Д.Г Решетников (Решетников, 2006) туризмнің ақпараттық технологияларды қолданудың негізінде құрастырылған ұлттық туристік өнімнің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін, И.А. Горбылева (Горбылева, 2010) туристік аймақтарды туризмдегі аймақтық дамудың инновациялық құралы ретінде қарастырған. Ал, отандық ғалымдар арасынан Б.У. Сыздыкбаева (Сыздыкбаева, 2015) аймақтың туристік кешенін дамыту перспективаларын бағалауға қатысты зерттеу жүргізіп, Ақмола облысының туризм және қонақжайлылық индустриясы саласындағы регрессиялық талдаудың трендтік үлгілері бойынша болжам жасаған, оны туристік индустриясының кәсіпорындары мен ұйымдарының дамуын стратегиялық жоспарлау мен басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде баламалы стратегияны анықтау үшін пайдалануға болады. Е.С. Никитинский (Кулахметова, 2018) туризмнің тұрақты дамуы және Қазақстанның киелі географиясы мәселесін зерттеп, Қазақстанның туристік беделін қалыптастыру мен саланы дамыту мақсатында экологиялық және инновациялық талаптарды ескере отырып, туристік қызметті ынталандыру мен реттеуге, туризмнің инвестициялық тартымдылығына негізделген дәйекті туристік саясатты жүргізу қажеттігін, осыған байланысты, Қазақстанда мәдени-идеологиялық жобалар, соның ішінде халықтың санасында жалпыұлттық «Қазақстанның киелі географиясы» жобасын іске асырудың маңыздылығына тоқталып өткен.

Бұл ғалымдардың еңбектерінде еліміздің туристік нарығындағы болып жатқан өзгерістер мен саланың қазіргі жағдайы, жетілдіру жолдары қарастырылған. Дегенмен, туристік әлеуеті жоғары Астана қаласы мен Ақмола облысының туристік саласының даму мәселелері мен мүмкіндіктері терең әрі жан-жақты зерттеу жүргізуді қажет етеді.

**Нәтижелер мен талқылау**

Туризм және саяхат саласындағы жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне сәйкес 2017 жылы Қазақстан 136 елдің ішінде 81 орынды иеленді, ЖІӨ-гі туризмнің үлесі 1.6 %-ды құраған (The Travel & Tourism Competitiveness Report, 2017). Бұл көрсеткіш Қазақстанның туристік саласы жалпы ішкі өнімнің қалыптасуында ауқымды үлесті қамтымайтынын дәлелдейді, бірақ, соңғы жылдары тұрақты өсу қарқыны байқалады.

Еліміздің ЖІӨ-дегі туризм үлесі 2025 жылға қарай 8% болады деп болжануда (Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2017), ол келу және ішкі туризм көлемінің артуына тікелей байланысты. Әлемдік тәжірибе кіру туризмін мемлекет әл-ауқатының көрсеткіші ретінде, ал шығу туризмін азаматтардың әл-ауқатының көрсеткіші ретінде айқындайды. Дегенмен, Қазақстанда туристік саланы дамытуда елеулі сәйкессіздіктер байқалады. Әсіресе, туристік кәсіпорындардың басым көпшілігі шығу туризміне жұмыс жасайды. Осылайша, ішкі және кіру туризмнің дамымағандығы, ел экономикасындағы туристік сала үлесінің аздығы, туристік дестинациялардың ішкі және халықаралық нарықтарда сұранысқа ие болмауы сияқты өзекті мәселелер Қазақстанның жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті туристік саласын қалыптастыруына кедергі келтіреді (1-кесте).

**1-кесте** – 2013-2017 жылдардағы туристік саланы дамытудың негізгі көрсеткіштері

| Атауы | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2017 ж. 2013 жылға қатынасы, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қызметтер экспорты, млн. АҚШ доллары, олардың ішінде: | 5 384,7 | 6 618,1 | 6 476,0 | 6 309,7 | 6 436,60 | 119,5 |
| Халықаралық саяхат (Қазақстан резидент еместерге көрсетілетін қызметтер көлемі) | 1 522,0 | 1 467,30 | 1 533,6 | 1 548,5 | 1 780,50 | 116,9 |
| Оның ішінде: | | | | | | |
| Қазақстан ТМД елдерінің резидент еместеріне көрсетілетін қызметтер көлемі | 1 164,60 | 1 094,3 | 1 132,1 | 1 161,00 | 1 368,00 | 117,4 |
| Қазақстан басқа елдер резидент еместеріне көрсетілетін қызметтер көлемі | 357,4 | 373 | 401,5 | 387,5 | 412,5 | 115,4 |
| Қызметтер импорты, млн. АҚШ доллары, олардың ішінде: | 12 458,4 | 12 916,2 | 11 582,2 | 11 062,8 | 10 849,5 | 87,08 |
| Халықаралық саяхат (Қазақстан резидент еместерден қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі) | 1 843,3 | 1 932,00 | 1 979,0 | 1 657,8 | 1 790,60 | 97,1 |
| Оның ішінде: | | | | | | |
| Қазақстан ТМД елдерінің резидент еместерінен қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі | 1 190,90 | 1 278,2 | 1 434,0 | 1 235,40 | 1 264,90 | 106,2 |
| Қазақстан басқа елдер резидент еместерінен қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі | 652,4 | 653,8 | 545 | 422,3 | 525,7 | 80,5 |
| Келу туризмі бойынша келушілер саны, адамдар | 6 8 1 085 | 6 332 734 | 6 430 158 | 6 509 390 | 7 701 196 | 112,5 |
| ТМД елдері | 6 213 390 | 5 655 246 | 5 835 592 | 5 935 690 | 7 060 630 | 113,6 |
| ТМД-дан тыс елдер | 627 695 | 677 488 | 594 566 | 573 700 | 640 566 | 102,05 |
| Ескерту. Мәліметтер (Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы, 2018) дереккөзінен алынған | | | | | | |

1-кестедегі статистикалық мәліметтерге сәйкес 2013-2017 жылдардағы туристік саланы дамытудың негізгі көрсеткіштері 5 жыл ішінде қызметтер экспорты 19,5 %-ға өскенін, ал, қызметтер импорты 12,9 %-ға төмендегенін көрсетеді. Қызметтер экспортына қатысты халықаралық саяхат (Қазақстан резидент еместерге көрсетілетін қызметтер көлемі) 16,9%-ға, оның ішінде, Қазақстан ТМД елдерінің резидент еместеріне көрсетілетін қызметтер көлемі 17,4 %-ға, Қазақстан басқа елдер резидент еместеріне көрсетілетін қызметтер көлемі 15,4%-ға артқан. Ал, қызметтер импортына қатысты халықаралық саяхат (Қазақстан резидент еместерден қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі) 2,9%-ға төмендеген, оның ішінде Қазақстан ТМД елдерінің резидент еместерінен қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі 6,2%-ға артса, Қазақстан басқа елдер резидент еместерінен қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі 19,5-ға төмендеген (1-сурет).




**1-сурет** – 2013-2017 жылдардағы туристік саланы дамытудың негізгі көрсеткіштері
Ескерту. Мәліметтер (Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы, 2018) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған




**2-сурет** – 2013-2017 жылдардағы келу туризмі бойынша келушілер саны
Ескерту. Мәліметтер (Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы, 2018) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Келу туризмі бойынша келушілер саны 12,5 %-ға артқаны ел экономикасына оң әсер етеді, оның ішінде: ТМД елдерінен келген туристер саны 13,6 %-ға артса, ТМД-дан тыс елдерден келген туристер саны 2,5 %-ға артқан (2-сурет).

Келген туристер саны бойынша, бірінші орында Ресей, екінші орында Қытай. Бұдан әрі Әзірбайжан, Германия, Түркия, Украина, АҚШ. 2018 жылдың алғашқы алты айында Қазақстанға 12 мыңнан астам адам келді (өсім 71%). Сондай-ақ Малазиядан (81%), Польшадан (36%), БАӘ (24%) және Оңтүстік Кореядан (12,5%) туристер саны өсуде.

**2-кесте** – 2017 жыл бойынша «Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексіне» сәйкес Қазақстан туризмі дамуының мықты және әлсіз жақтары

| Жалпы рейтинг | 81 орын / 136 | | |
|---|---|---|---|
| Жалпы индекс құрамдасы | орын | Жекелеген индекс құрамдасы | орын |
| **Мықты жақтары** | | | |
| денсаулық және гигиена | 6 | | |
| бағалардың бәсекеге қабілеттілігі | 8 | билеттерге арналған салықтар мен әуежай алымдары | 24 |
| | | қонақ үй бағасының индексі | 25 |
| **Әлсіз жақтары** | | | |
| саяхат & туризмнің басымдықтарын анықтау | 93 | саяхат & туризм индустриясының басым бағыт ретіндегі мемлекеттің саясаты | 94 |
| | | туристерді тарту үшін маркетинг пен брендингтің тиімділігі | 102 |
| | | ел брендінің стратегиялық рейтингі | 102 |
| | | саяхат & туризмге үкіметтің бөлетін қаржысы | 46 |
| халықаралық ашықтық | 113 | визалық талаптар | 114 |
| | | екі жақты әуе қатынасы туралы келісімдердің ашықтығы | 121 |
| экологиялық тұрақтылық | 99 | саяхат және туризм саласын дамытудың тұрақтылығы | 93 |
| әуе көлік инфрақұрылымы | 71 | әуе көлігі инфрақұрылымының сапасы | 89 |
| жер және порт инфрақұрылымы | 91 | жолдардың сапасы | 106 |
| | | порт инфрақұрылымының сапасы | 105 |
| | | жер үсті көлігінің тиімділігі | 49 |
| туристік қызмет көрсету инфрақұрылымы | 97 | туристік инфрақұрылымның сапасы | 121 |
| | | автокөлік жалдау компанияларының болуы | 113 |
| табиғи ресурстар | 92 | табиғи туризмге сандық сұраныс | 118 |
| | | табиғи активтердің тартымдылығы | 97 |
| мәдени ресурстар мен бизнес саяхат | 75 | халықаралық қауымдастық кездесулерінің саны | 87 |
| | | мәдени-ойын-сауық туризміне сандық сұраныс | 105 |
| Ескерту. Мәліметтер (The Travel & Tourism Competitiveness Report, 2017) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған | | | |

Дүниежүзілік экономикалық форумның 2017 жыл бойынша «Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексіне» сәйкес Қазақстан 136 елдің ішінен 81-ші орынды иеленді, 2-кестеде Қазақстан туризмі дамуының мықты және әлсіз жақтары келтірілген.

2-кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстан туризмі дамуының мықты жақтарына қарағанда әлсіз жақтары басым. Сондықтан, 2017 жыл бойынша «Саяхат және туризмнің бәсекеге қабілеттілік индексіне» сәйкес анықталған мәселелерді шешу үшін еліміздегі туристік саланы дамыту бойынша келесідей міндеттер атқарылуы тиіс:

– туристік ресурстарды дамыту;
– көлік қолжетімділігін қамтамасыз ету;
– туристік қызметтер сапасын арттыру;
– елде қолайлы туристік климат құру;
– маркетинг пен туристік брендті алға жылжытудың тиімділігін арттыру;
– туризм индустриясының басқару жүйесін жетілдіру;
– инвестициялық тартымдылықты жоғарылату.

Бұл мәселелердің шешіміне келесідей факторлар әсер етеді:

*1. Тұрақты түрде кез келген уақытта қолжетімді туристік өнімнің болмауы.* Өйткені, қазіргі кезде барлық туристік өнімдер нақты сұраныс бойынша жасалады, сәйкесінше, бағасы белгіленген, күн сайын ұсынылатын турпакеттер нарықта тапшылық. Әдетте турист сұраныс жібергеннен кейін ғана оған арнайы бағдарлама құрастырылады. Қолданыстағы турөнімдер тауашалы сипатта, ал, бұқаралық сипаттағы жаппай туризм мүлдем жоқ. Табиғи және мәдени ресурстардың алуан түрлілігі мен бірегейлігіне қарамастан еліміз бен оның жекелеген өңірлерінде нақты бәсекеге қабілетті турөнімдер аз (Кожабеков, 2016, George Assaf, 2018, Hjalager 2002, Hjalager, 2010).

*2. Маусымға тәуелділік.* Мысалы, жаз маусымында еліміздің солтүстік өңірлерінде белсенді туристік маусым 2-3 айға, оңтүстігінде – 4-5 айға дейін созылады. Сондықтан да, туристік объектілер қысқа маусымда бүкіл жыл бойы жұмсайтын қаражатын өтейтіндей ақша табуға тырысады және бұл туристік нысандардың бағасына айтарлықтай әсер етеді (Мырзабекова, 2018, Муканов, 2012, Новик 2016).

*3. Ыңғайлы логистика және қолжетімді баға* – Туристік нысандар бір-бірінен және үлкен қалалардан алыс орналасқандықтан, жол ұзақ болады. Мұндай ұзақ сапарлар қомақты қаражат пен едәуір уақыт жұмсауға мәжбүр етеді. Мысалы, әр түрлі өңірлерде орналасқан 3 туристік нысанға бару үшін ел ішінде ұшу билеттеріне шамамен 100 мыңдай теңге қажет, темір жол көлігімен жүру бұдан үнемдірек болғанымен, турист бұл жағдайда 3-4 күн жоғалтуы мүмкін, бұл өз кезегінде тағы туристік өнімнің қымбаттауына алып келеді. Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның 2017 жыл бойынша «Туризм және саяхат саласындағы бәсекелестік индексіне» сәйкес туристер үшін ең арзан 10 елдің қатарына кіріп, 8-ші орында орналасса да, қолжетімді туристік өнім құру үшін бірқатар сұрақтарды шешу қажет: әуе билет бағасы, кіші авиацияны дамыту, жыл бойы жұмыс істейтін туристік нысандарды көбейту және оқиғалық іс-шаралар өткізу арқылы маусымға тәуелділікті азайту (Nordin, 2003, Crouch, 2011, Elliot, 2011, Line, 2014, Kemeny, 2011).

*4. Туристік қызмет көрсетуге қатысты сапа белгісін енгізу* бойынша жұмыстар енжар атқарылуда. Туристік бизнес субъектілері нарықта бәсекеге қабілетті болу үшін, қалауы бойынша сертификация рәсімінен өтіп, сапа белгісін алатын болса, қызмет көрсету деңгейі біршама жоғарылайды (Медиева, 2017, Сыздыкбаева, 2015).

*5. Маркетинг пен туристік брендті алға жылжытудың тиімділігін арттыру мәселесі* бюджеттен бөлінетін қаражатпен тікелей байланысты. Мысалы, мұндай шараларға БАӘ-де 40 млн. $, Израиль – 73 млн. $, Исландия – 105 млн. $, Грузия – 21 млн. $. жұмсайды. Қазақстандағы жұмсалатын қаржы бұл сандардан алшақ, дегенмен, елімізде бірқатар маңызды шаралар атқарылуда:

5.1. 2017 жылы халықаралық мамандандырылған «EXPO-2017» көрмесінің қарсаңында Астана қаласына шет елдік журналистер мен туроператорлық компания өкілдері үшін баспасөз турлары ұйымдастырылды.

5.2. 2018 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Астана қаласы әкімдігінің «Астана Конвеншн Бюро» ЖШС бастамасымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен шетелге шығу роуд-шоуы ұйымдастырылды. Роуд-шоуды өткізу дестинациялары ретінде Тбилиси, Баку, Тегеран, Киев, Минск, Пекин, Сучжоу, Мәскеу, Санкт-Петербург, Казань қалалары таңдалған болатын, роуд-шоуды өткізудің мақсаты – Астананың туристік әлеуетін көрсету. Жұмыс тобының құрамына жетекші туристік компаниялардың, әуе тасымалдаушылардың, халық тұтынатын тауарларды өндірушілердің өкілдері және Астана қаласының туризм индустриясының басқа да өкілдері кірді. Роуд-шоу қазақстандық туристік компаниялар үшін платформа болды және өздерінің туристік пакеттерін ұсынуға мүмкіндік берді.

5.3. WTM, ITB, ITE сияқты жыл сайынғы ең үздік халықаралық көрмелерге қатысу республиканың имиджін бекітуге және бүкіл әлемнің туристер ағынын арттыруға мүмкіндік береді, өйткені, бұл көрмелерге бүкіл әлем елдері қатысады. Сондай-ақ, Алматыда «KITF» және Астанада «Astana Leisure» сияқты отандық халықаралық көрмелер өткізу Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыруға және нығайтуға, отандық туристік өнімді әлемдік нарыққа жылжытуға және елге шетелдік туристер ағынын ұлғайтуға бағытталған негізгі іс-шара болып табылады.

5.4. Келу туризмін дамытуға қатысты елдің мақсатты нарықтарда ілгерілеуіне үлкен мән беріледі, мақсатты нарықтардың үш негізгі тобы анықталды. Мысалы, бірінші болып Ресей мен Қытай сияқты басым бағыттар кіреді, екінші

топ – Еуропа елдері, Үндістан, Иран, үшінші топ – Парсы шығанағы мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері сияқты перспективалы нарықтар. Біз бұл нарықтарға Ecology, Ethnography, Events, Entertainment кіретін 4 элемент, яғни, «4е» концепциясына біріктірілген қазақстандық туристік брендтің негізінде қалыптасқан турөнімдер ұсына отырып, елге келетін туристер санын арттыра аламыз және осы бағытта Қазақстанның имиджін бекіте аламыз.

Қазақстан «жаңадан дамып жатқан туристік дестинация» болып табылады, бірақ, Қазақстандағы туризм инфрақұрылымы шектеулі, туристік өнімдер мен қызметтер жеткіліксіз (Кораблев, 2014). Сондықтан, туризмнің негізгі инфрақұрылымын қамтамасыз ету, өнімдерді әзірлеуде инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау мен елді туристік дестинация ретінде жағымды қабылдауды қалыптастыру тұрғысынан мемлекеттің араласу қажеттілігі айқын. Астана және Ақмола облысының туристік сала дамуын мемлекеттік қолдаудың институционалдық инфрақұрылымына назар аударайық (3-сурет).




**3-сурет** – Астана және Ақмола облысының туристік сала дамуын мемлекеттік қолдаудың институционалдық инфрақұрылымы

Ескерту: Мәліметтер (Ақмола облысының туризм басқармасы, Астана Конвеншн Бюро, Kazakh Tourism, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайттары) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

3-ші суреттегі Астана және Ақмола облысының туристік сала дамуын мемлекеттік қолдаудың институционалдық инфрақұрылымы (ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, Ақмола облысының туризм басқармасы, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ, «Туристік Қамқор» Корпоративтік қоры, Астана Конвеншн Бюро, Бурабай даму, Қазақстан қонақ үйлері мен мейрамханалары, Еуразиялық туризм қауымдастығының ресми-сайты) осы саланың нақты мәселелерін шешуге бағытталған мемлекеттік институттар мен мемлекеттік емес институттардан тұрады, оларға бағынышты мекемелер саны жылдан жылға артып келеді, әрқайсысының алдына жүктелген міндеттері мен миссиясы бар (3-кесте).

**3-кесте** – Астана және Ақмола облысының туристік сала дамуын мемлекеттік қолдаудың институционалдық инфрақұрылымы

| Мекемелердің аты | Қызмет бағыты |
|---|---|
| ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Туризм индустриясы комитеті | туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясат пен инвестициялар тарту жөніндегі бірыңғай саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу, салааралық үйлестіру |
| Аймақтық уәкілетті мемлекеттік органдар – Ақмола облысының туризм басқармасы, Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы | облыс аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру, туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу |
| «Kazakh Tourism» ҰК АҚ | маркетинг және турөнімдерді насихаттау, жарнамалау, туризм саласына инвестиция тарту, ақпараттық-талдамалық қолдау, елдік туристік брендін және суббрендтерді әзірлеу, туристік дестинация мастер-жобаларын, сапаның базалық стандарттарын әзірлеу мен енгізуге қатысу, технологиялар трансферті, алдыңғы қатарлы процестік және маркетингтік инновацияларды енгізу |
| «Туристік Қамқор» корпоративтік қоры | туроператордың қаржылық дәрменсіздігі себебінен шетелде шұғыл жағдайда қалған қазақстандық туристерге жедел көмек көрсету, оларды елге қайтарып алу |
| «Astana Convention Bureau» ЖШС | қалаға ішкі инвестициялар мен туристерді тарту, оның әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, инвестициялық тартымды аймақ ретінде имиджін нығайту, іскерлік туризмді дамыту |
| Ақмола облысындағы «Бурабай даму» ЖШС | Щучье-Бурабай курорттық аймағының аумағындағы объектілерді күтіп ұстаумен және пайдаланумен, туроператорлық қызметпен айналысады, аймақтың жағымды туристік имиджін қалыптастыру, қолжетімді сапалы демалуды ұйымдастыру, курорттық аймақтағы қызметтер сапасын арттыру, олардың түрлерін көбейту |
| «Қазақстанның өзін өзі реттейтін туристік қауымдастығы ЗТБ | Үкіметтің туристік нарыққа жүктеген функцияларын өз құзыреттілігі аясында атқару, туристік саланың мәселелерін жан-жақты, кешенді шешу, туризмді дамыту |
| «Қонақ үйлер мен мейрамханалардың қазақстандық қауымдастығы» | қонақ үй нарығының даму тенденциялары мен болжамдарын беру, қонақ үй саласының мүдделерін қолдау, КАГиР кеңес беру-зерттеу орталығы (маркетингтік зерттеулер, нарық үрдістері), КАГиР білім беру орталығы бар |
| «Қазақстанның туристік агенттіктер қауымдастығы» | туристік саланың тиімді жұмысы үшін проблемалар мен міндеттерді шешу мақсатында туристік агенттіктер мен шағын туроператорларды шоғырландыру |
| «Медициналық туризм қауымдастығы» | медициналық туризм саласында қызмет атқарады, туристік және сақтандыру компанияларын, медициналық туризм провайдерлерін біріктіреді |
| «Еуразиялық туризм қауымдастығы» | туризм саласындағы Қазақстан-Қытай қатынастарын дамыту. Басты стратегиялық серіктестері Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы, одан әрі Орталық Азия елдерін біріктіруді мақсат етіп отыр |
| Ескерту. Мәліметтер (Туризм индустриясы комитеті, Kazakh Tourism, Туристік Қамқор, Astana Convention Bureau, Бурабай даму, АТАК, КАГиР ресми сайттарының) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған | |

Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасында туристік саланы дамыту туристік қызметтің құқықтық негіздерін дамытудың негізгі бағыттарын айқындаумен, туристік саясатпен байланысты. Себебі, бұл мемлекеттің туристік бизнесті дамытуды саналы қолдауы және олардың маңызды элементтеріне ықпал ету жолымен оның негізгі бағыттарын қалыптастырудың бірден бір жолы болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан қабылданып жатқан шаралар туризмнің біртіндеп халық шаруашылығының дербес саласына айналу мүмкіндігін жоғарылатуды көздейді. Мұндай шараларға туризмнің дамуына жағдай жасауға және оның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларын әзірлеуге, ұсынылатын туристік қызметтердің сапасын арттыруды мониторингілеу және ынталандыруға, туристік индустрия субъектілерін дамытудың нормативтік-құқықтық негіздерін қамтамасыз

етуге, туризм саласындағы инновациялық саясатты іске асыруға, ұлттық туристік өнімнің дамуын қолдау мен елдің туристік имиджін жоғарылатуға бағытталған заңнамалық және тұжырымдамалық сипаттағы құжаттар, мемлекеттік бағдарламалар, туристік саланы аймақтық деңгейде дамыту бойынша мастер-пландар жатады (ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2014, «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2014, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам», 2015, Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017, Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы», 2018, Ақмола облысының ресми интернет-ресурсы, План развития ЩБКЗ Акмолинской области на 2017-2020 годы (IIIэтап). (4-кесте).

Сонымен қатар, арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) режимінің де туристік саланы дамытудағы үлесі зор. АЭА қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын, дәл белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігін қамти отырып, келесі жеңілдіктер мен артықшылықтарға ие болады:

– есептелген ҚҚС сомасын 100 %-ға азайту;

– жер салығы мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолдану;

– мүлік салығын салық базасына 0 % мөлшерлемесі бойынша есептеу;

– жеткізушілер үшін ҚҚС мөлшерлемесі – 0%;

– жер телімін пайдалану үшін төлем – АЭА жұмысы кезеңіне 0 коэффициенті.

– АЭА аумағына әкелінетін шикізатқа және жабдыққа кеден баж салықтарын салудан босату;

– жұмыс күшін тартудың оңайлатылған тәртібі.

Туризм бойынша «Бурабай» АЭА (Ақмола облысы) ғана жұмыс жасады, қызметін 2008-2017 жылдары аралығында жүзеге асырып, қазіргі кезде оның инфрақұрылымын салу толығымен аяқталды. «Бурабай» АЭА аумағында құны 14,1 млрд. теңгені құрайтын шетелдің қатысуымен «Borovoe Tourism City» ЖШС жобасы жүзеге асырылып, 216 тұрақты жұмыс орны құрылды, 2012 жылы 200 нөмерге есептелген бес жұлдызды «Rixos Borovoe» халықаралық қонақ үйі пайдалануға берілді. Сонымен қатар, аумақта «Қазақстандық Лапландия» ойын-сауық кешені, жабық теннис корты, арқан паркі салынып, іске қосылды, Қазақстанда алғаш жыл бойы жұмыс жасайтын вейк-паркі, жалға беру пункттері, велосипед жолдары және т.б. жасалды. «Бурабай» АЭА қызмет етуінің барысында тартылған инвестициялардың көлемі 14,7 млрд. теңгені құрады. 2016 жылдың үшінші тоқсанын қоса алғанда салық түсімдерінің көлемі 0,9 млрд. теңгені, тауарларды және қызметтерді өндіру көлемі 24,8 млрд. теңгені құрады. 2017 жылдың соңында «Бурабай» АЭА қызмет ету мерзімінің аяқталуына байланысты жабылған, аймақ Бурабай ауданының жергілікті атқарушы органының қарауына қор жерлері (рекреациялық белгіленуге ие жерлер) санатына ауыстырылды (Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы, 2018).

*Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында* кіру және ішкі туризмді дамыту мәселесі негізгі міндеттер қатарында көрсетілген және әртүрлі аумақтық деңгейлерде отандық туризм үшін тиісті әкімшілік-аумақтық құрылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында туризмді ұйымдастырудың кластерлік тәсілі әзірленіп, алты мәдени-туристік кластер құрылды. Оның ішінде «Астана – Еуразия жүрегі» атты туристік кластері мен бір бөлігі Ақмола облысын қамтитын «Табиғат пен көшпенді мәдениет бірлігі» атты кластерінің рөлі ерекше. Өйткені, Астана қаласы еліміздің саяси, әкімшілік, іскерлік және мәдени орталығы ретінде танылса, оған жақын орналасқан Ақмола облысының көрікті жерлері рекреациялық әлеуетке бай болып табылады. Осы екі кластердің синергетикалық әсер ету есебінен туристік нарықта аумақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды және ол кластерге кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар жұмысының тиімділігін арттыру мен инновацияларды ынталандыру және жаңа туристік бағыттарды дамыту көзделінген. «Астана – Еуразия жүрегі» кластері бірінші басымдық кластеріне, ал «Табиғат пен көшпенді мәдениет бірлігі» екінші басымдық кластеріне жатады (Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2017) (5-кесте).

**4-кесте** – Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың құралдары

| Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың құралдары | | |
|---|---|---|
| **Мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар, жолдаулар** | **Заңдар** | **Туристік саланы аймақтық деңгейде дамыту бойынша даму жоспары, мастер-пландар** |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы №406 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы | «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы №211 заңы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 4 қарашадағы №.709 қаулысымен бекітілген № 709 «Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық зонасын 2017 – 2020 жылдарға дейінгі дамыту жоспары (ІІІ кезең)» |
| 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы | «Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 513 заңы | Астанада 2020 жылға дейін туризмді дамытудың жол картасы |
| «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы (57, 86 қадамдар) | «Туристік операторлық қызметті (туроператорлық қызмет) лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарларды айқындау туралы)» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 606 қаулысы | Ақмола облысының Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамытудың 2017-2020 жылдарға (ІІІ кезең) арналған жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 4 қарашадағы № 709 қаулысы |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы №627 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» | | Ақмола облысының туристік саласын дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған жол картасы |
| 2017 жылдың 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы | | |
| 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы | | |
| 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы | | |
| Ескерту. Мәліметтер (Ақмола облысының туризм басқармасы, Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының ресми сайттарының) дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған | | |

**5-кесте** – «Астана – Еуразия жүрегі» және «Табиғат пен көшпенді мәдениет бірлігі» кластерлерінің салыстырмалы сипаттамасы

| **«Астана – Еуразия жүрегі»** | **«Табиғат пен көшпенді мәдениет бірлігі»** (бір бөлігі Ақмола облысын қамтиды) |
|---|---|
| Кластер орталығы – Астана қаласы | Кластер орталығы – Бурабай курорттық аймағы |
| Саяси, әкімшілік, іскерлік және мәдени орталық | Кластер көшпелі мәдениет пен дала әралуандылығының орталығы |
| Негізгі туристік өнімдер: MICE-туризм және қысқа мерзімді демалыс. Туризмнің негізгі бағыттары: конгресті-іскер, оқиғалы және этно-туризм (мәдени-спорттық іс-шаралар, оқиғалар, конференциялар, форумдар және т.б.). | Негізгі туристік өнімдер: мәдени туризм және турне, көңіл көтеру, шытырман, таулар мен көлдердегі демалыс, санаториялық-курорттық және СПА туризмі, сондай-ақ, қысқа мерзімді және белсенді демалыс, ойын-сауық туризмі, экологиялық туризм |
| Ескерту. Мәліметтер (Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы, 2017) мәліметтер дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған | |

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шикізат нарықтарындағы құбылмалылыққа және басқа да бақыланбайтын факторларға тәуелділігі мейлінше аз секторларды ынталандыру арқылы экономиканың айтарлықтай орнықтылығын қамтамасыз ету, яғни, әртараптандыруды көздейді. Мұндай секторларға өңдеуші сектор және өнімді көрсетілетін қызметтер секторы жатады. Оның ішінде, өнімді көрсетілетін қызметтер – қосылған құнды қайта бөлумен емес, шынайы экономикалық құндылықты қалыптастырумен байланысты көрсетілетін қызметтер. Мұндай қызметтердің қатарына туризм саласы жатқызылған.

Ал, Елбасының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «*Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»* атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан медициналық туризмнің жетекші еуразиялық орталықтарының біріне айналады деп айтылған. Медициналық туризмді дамыту дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) бағалауы бойынша 2022 жылға қарай туризм мен денсаулық сақтау бірігіп әлемнің шешуші салаларының бірі болады. Астана мен Алматы қалаларын медициналық туризм орталығы ретінде қарастыруға болады.

*Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның»* 86-қадамы Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың тұжырымдамасын (ішкі туризмді дамытуды қоса есептегенде) және өңірлік мәдени-туристік кластерлерін құруды жүзеге асырумен байланыстырылады, ал, 87-қадамда «Менің елім» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру аясында әрбір азаматқа және шетелдік туристке ел туралы көбірек білуге көмектесетін технологиялық жобалар серияларын іске асыру қарастырылған. Соның бірі – «Қазақстан энциклопедиясы» кең көлемді интернет жобасы болып табылады. Порталға Қазақстан бойынша 3D бейне турлары, елдің тарихы мен мәдениеті, қызықты оқиғалары және қарапайым қазақстандықтардың өмірі туралы ақпараттар орналастыру арқылы оны елдің «сапарнама карточкасына», ұлттық жол көрсетушісіне, қызықты азаматтар үшін ұлттық құрмет тақтасына және виртуалды хабарласу тұғырнамасына айналдыру басты міндеттер қатарында.

*Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруды»* жүзеге асырудағы басым бағыттарының бірі – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын әзірлеу. Бұл ең алдымен рухани құндылықтарымызды жаңғыртумен қатар, елдегі туризм кластерін дамытуға зор әсерін тигізбек. «Рухани жаңғыру» аясында Қазақстанның туризмін дамытуға бағытталған 16 жоба іске асуда.

*«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауының сегізінші, яғни, Тиімді мемлекеттік басқару тармағында* өңірлік саясат өңірлердің шығындарын теңестіруден жеке табыстарының өсімін ынталандыруға бағытталуға тиіс екендігі аталып, бүгінде әлемдегі әрбір оныншы жұмыс орнын ашып отырған сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм кез келген өңір үшін перспективалық табыс көздерінің бірі болып саналатыны айтылған. Үкімет виза мәселелерін

жеңілдетуді, инфрақұрылымды дамытуды және туризм саласындағы кедергілерді алып тастауды қамтитын кешенді шаралар қабылдауы керек деп көрсетілген.

*Сонымен қатар, «Қазақстанның сакралды географиясы» жобасының туризмге әсері зор.* «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ мен «Қасиетті Қазақстан» Ұлттық институты арасындағы жасалған меморандумның аясында Қазақстанның қасиетті жерлеріне туристік бағыттарды қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазақстанда кіру және шығу туризмімен айналысатын туроператорлар өте аз, қазіргі уақытта өңірлердің туроператорларының деректер базасын құру және саяхаттарға арналған туристік маршруттарды талдау жұмыстары жүргізілуде. Болашақта «Қасиетті Қазақстан» институтымен бірге осы қасиетті нысандарды жылжыту бойынша туристік маршруттар мен туристік пакеттерді ұйымдастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Қазақстанда халықты рухани жаңғырту үшін маңызды тарихи және табиғи нысандар бар. Бүгінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ 6 экспедицияны жүзеге асырады, бұл жаңа туристік бағыттарды, соның ішінде Қазақстандағы қасиетті орындар тізіміне енгізілген объектілерді бүкіл әлемге ашуға орасан зор мүмкіндік береді.

*«Ақмола облысының туристік саласын дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған Жол картасы»* туризмді дамытудың жағдайлары мен мүмкіндіктерін жасау есебінен бюджет кірістілігін арттыру және өңірге инвестициялар тарту мақсатында әзірленді: облыста туристік-рекреациялық ресурстардың аттрактивтілігі дәрежесі бойынша аумақты аудандастыру жүргізілді және стратегиялық бағыттар фокусталатын 4 базалық аймақ анықталды. Бұл шипажайлық-курорттық аймақ (Щучье-Бурабай курорттық аймағы), елорда маңына жақын демалыс аймағы (Аршалы, Аққөл, Шортанды, Целиноград аудандары), сакралды-қорық аймағы (Қорғалжын және Ерейментау аудандары), табиғи аймақ (Зеренді, Сандықтау және Бұланды аудандары). Өңірде «Four seasons» концепциясы іске асырылуда, оған 30-дан астам іс-шара кіреді, қысқы және маусымаралық кезеңде курорттық аймақты барынша жүктеуді қамтамасыз етеді. «Visit Aqmola» туристік ақпараттық орталығы Ақмола облысының туристік әлеуетін елде және шетелде жылжыту бойынша күн сайын жұмыс жүргізеді.

**Қорытынды**

Туризмнің экономикалық тиімділігі мемлекет деңгейінде туризмді ұйымдастыру, өңір тұрғындарына туристік қызмет көрсету, туристік фирманың өндірістік-қызмет көрсету процесі болып табылатын үш бағытта экономикалық әсер алуды көздейді. Осыған байланысты, туристік сұранысты қалыптастыру, ішкі және сыртқы келуші үшін тиімді туристік тәжірибе құру мақсатында Қазақстанның, оның ішінде, Астана қаласы мен Ақмола облысының туристік саласының дамуы мен оны дұрыс бағытта басқару жаңа тетіктерді қажет етеді. Себебі, ол тиімді өсуге ықпал ете отырып, туристік қызметтерді жаңа сапаға көшіруге негіз болады.

Туристік саланың дамуына кедергі келтіретін мәселелерді келесідей шешу қажет:

Біріншіден, Қазақстанда туризмді тұрақты дамыту тұрғысынан туризмнің басым бағыттарын қоса алғанда туристік ресурстарды жүйелі дамыту. Бұл мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру, дестинацияны дамытуды нақты жоспарлау, инфрақұрылымды дамыту, инвестициялар тарту және инвестициялық жобалардың бірыңғай деректер базасын құруды қамтуы тиіс. Сонымен қатар, туристік ресурстардың құндылығын арттыру және қолжетімділігін жоғарылату, туроператорлармен тығыз жұмыс істеу өте маңызды.

Екіншіден, туристік өнімдердің және қызметтердің сапасын арттыру мен оның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында туристік ұйымдардың қызметін мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру, туроператорлар мен туристік ұйымдар қызметтерінің сандық қолжетімділігінің деңгейін жоғарылату, туристік өнімдердің және туристік қызметтердің қолжетімді болуы үшін нақты шаралар қабылдау, бәсекеге қабілетті баға саясатын қалыптастыру;

Үшіншіден, ішкі және халықаралық нарықтарда елдің туристік әлеуетін жылжыту жүйесін жетілдіруде жаңа заманауи үрдістерді қатар алып жүру, әсіресе, сандық маркетингті қолға алу.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасының туристік саласын мониторингтеу жүйесін жетілдіру, әсіресе, статистикалық есеп жүйесін дұрыс жолға қою, туристік қызмет көрсетуде сапа стандарттарына негізделген ұлттық сапа белгісін енгізу.

Бесіншіден, «4е» концепциясына біріктірілген Қазақстандық туристік брендтің негізін құрайтын Ecology, Ethnography, Events,

Entertainment 4 элементін пайдалана отырып, табиғи және мәдени ресурстардың алуан түрлілігіне ие Астана қаласы мен Ақмола облысының туристік тартымдылығын қалыптастыру мен маусымға тәуелділік проблемасын шешу мақсатында бірегей, бәсекелі әрі сапалы турөнімдер ұсыну. Ол үшін құзыреттілікті арттыру керек, перспективалы туристік өнімдерді, сандық және инновациялық технологияларды қалыптастыруға ықпал ету керек, туристік қызмет сапасының стандарттарын жетілдіру қажет.

Алтыншыдан, киелі объектілерге барынша жақын жерде жол бойындағы сервис желілерін дамыту. Сондай-ақ ақпараттық қалқандар мен жол бойындағы белгілерді орнату мен туристік навигация жүйесін әзірлеу, жетілдіру.

**Әдебиеттер**


Ақмола облысының ресми интернет-ресурсы. [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://aqmola.gov.kz/page/read/Turizm.html?lang=ru (қарау күні 14.01.2019).

Ақмола облысының туризм басқармасының ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://www.turakmo.kz/ (қарау күні 14.01.2019).

Астана Конвеншн Бюро ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: https://welcometoastana.kz/ru/page/astana-konvenshn-byuro (қарау күні 14.01.2019).

George Assaf A., Tsionas M. The estimation and decomposition of tourism productivity // Tourism Management. – 2018. – vol. 65, pp. 131-142

Бурабай даму ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: https://burabaydamu.kz/ru/ (қарау күні 14.01.2019).

Crouch G. I. Destination competitiveness: An analysis of determinant attributes // Journal of Travel Research. – 2011. – vol. 50(1), pp. 27-45, http://dx.doi.org/10.1177/ 0047287510362776

Давыденко Л., Ялтыхов Д. Методология развития инноваций в мировой индустрии туризма // Журнал международного права и международных отношений. – 2016. – № 3-4 (78-79), С. 60-65.

Еуразиялық туризм қауымдастығының ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://eurasiantourism.com/about-us/ (қарау күні 14.01.2019).

Elliot S., Papadopoulos N., Kim S.S. An integrative model of place image exploring relationships between destination, product and country images // Journal of Travel Research. – 2011. – vol. 50(5), pp. 520-534, http://dx.doi.org/10.1177/ 0047287510379161

Горбылёва И. А. Особенности регулирования туризма в мировой экономике в посткризисный период // Устойчивый рост национальной экономики: инновации и конкурентоспособность: материалы II Междунар. науч.-практ. конф. аспирантов и молодых ученых. – Минск: БГЭУ, 2010, С. 44-46.

Hjalager A.M. Innovation patterns in sustainable tourism – an analytical typology // Tourism Management. – 1997. – vol. 18, no 1, pp. 35-41

Hjalager A.M. Repairing innovation defectiveness in tourism // Tourism Management. – 2002. – vol. 23, pp 465–474, http://dx.doi.org/10.1016/S0261-5177(02)00013-4

Hjalager A.M. Progress in Tourism Management. A review of innovation research in tourism // Tourism Management. – 2010. – vol. 31(1), pp. 1–12, http://dx.doi.org/10.1016/j.tourman.2009.08.012

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://qaztourism.kz/about/aboutCompany (қарау күні 14.01.2019).

Кожабеков С.С., Сулеева С.Е. Развитие казахстанского рынка делового туризма // Актуальные научные исследования в современном мире. – 2016. – №9-5 (17), С.74-81.

Кораблев В.А. Проблемы формирования и развития инфраструктуры туризма как базового условия развития туристкой отрасли в Казахстане // Вестник университета Туран. – 2014. – №3 (63), С.90-94.

Kemeny T. Are international technology gaps growing or shrinking in the age of globalization? // Journal of Economic Geography. – 2011. – vol. 11(1), pp. 1-35

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/ press_conferences/memleket-basshysynyn-http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627 (қарау күні 14.01.2019)

Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2014 жылғы 17 қаңтар. [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014 (қарау күні 14.01.2019).

Қазақстан қонақ үйлері мен мейрамханаларының ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://kagir.kz/kg_0101.html (қарау күні 14.01.2019).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ресми интернет-ресурсы. [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: https://mks.gov.kz/rus/informery/komitety/komitet_industrii_turizma/ (қарау күні 14.01.2019).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы №25 қаулысымен бекітілген «Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауы».

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы. [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: https://mks.gov.kz/kaz/press-sluzhba/novosti_ministerstva/?cid=0&rid=3235 (қарау күні 14.01.2019).

Кулахметова Г.А., Никитинский Е.С. Устойчивое развитие туризма и сакральная география Казахстана / Материалы II Международной научно-практической конференции. Актуальные проблемы развития туризма. – 2018.

Line N. D., Runyan R. C. Destination marketing and the service-dominant logic: A resource-based operationalization of strategic marketing assets // Tourism Management. – 2014. – vol. 43, pp. 91-102, http://dx.doi.org/10.1016/ j.tourman.2014.01.024

Медиева Г.А., Козин А.И., Майгожина Г.К. Новый этап развития туризма в Казахстане: экономические и технологические вопросы и перспективы // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 10-1, С. 130-133.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy(қарау күні 14.01.2019).

Муканов А.Х. Основные пути повышения эффективности развития туризма в Республике Казахстан // Экономика и экологический менеджмент. – 2012. – №2, С.337-345.

Мырзабекова А.Е., Исакова Б.М., Сембеков М.А., Туяков Р.С., Омарова К.А. Развитие казахстанского туризма на современном этапе / IV Международная научно-практическая конференция. Сборник: Кластерные инициативы в формировании прогрессивной структуры национальной экономики. – 2018, С.206-208.

Новик Е.В., Смаилова Д.Р., Урузбаева Н.А. Перспективы развития авиатрнаспортной отрасли Казахстана как неотъемлемого элемента туристской инфраструктуры // Материалы международной научно-практической конференции. Практическая экономика и менеджмент: методы и технологии. – 2016, С.38-45.

Nordin S. Tourism Clustering & Innovation – Paths to Economic Growth & Development. – Ostersund: European Tourism Research Institute Mid-Sweden University. – 2003

План развития ЩБКЗ Акмолинской области на 2017-2020 годы (III этап). [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://www.turakmo.kz/?c=405#topcontent (қарау күні 14.01.2019).

Решетников Д. Г. Приоритеты инновационного развития туристского комплекса Беларуси в условиях современной эволюции мировой индустрии туризма // Территориальная дифференциация и регионализация в современном мире: сб. науч. ст. – Смоленск: Универсум. – 2006, С. 196–202.

Сыздыкбаева Б.У., Раимбеков Ж.С. Оценка перспектив развития туристского комплекса региона // Материалы научно-практической конференции. Сборник: Экономика сферы сервиса: проблемы и перспективы. – Омский государственный институт сервиса. – 2015, С.32.

«Туристік Қамқор» Корпоративтік қорының ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http://www.fondkamkor.kz/o_fonde/index.html (қарау күні 14.01.2019).

The Travel & Tourism Competitiveness Report 2017 published by the World Economic Forum [Electronic resource]. – Access mode: http://www3.weforum.org/docs/WEF_TTCR_2017_web_0401.pdf (date of the application: 14.01.2019).

UNWTO Tourism Highlights, 2018 Edition. [Electronic resource]. – Access mode: https://www.e-unwto.org/doi/pdf/10.18111/9789284419876 (date of the application: 14.01.2019).

Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: http: //adilet/zan/kz/kaz/docs/K1500000100.

**References**

Aqmola oblysynyń resmı ınternet-resýrsy [Official internet resource of Akmola region]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi:. http://aqmola.gov.kz/page/read/Turizm.html?lang=ru (qaraý kúni: 14.01.2019).

Aqmola oblysynyń týrızm basqarmasynyń resmı saıty [Official site of Tourism Administration of Akmola region]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi: http://www.turakmo.kz/ (qaraý kúni: 14.01.2019).

Astana Konvenshn Bıýro resmı saıty [Official website of Astana Convention Bureau]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi: https://welcometoastana.kz/ru/page/astana-konvenshn-byuro (qaraý kúni: 14.01.2019).

Býrabaı damý resmı saıty [Official site of «Burabay Damu»]. [Электронды ресурс]. – Кіру тәртібі: https://burabaydamu.kz/ru/ (qaraý kúni: 14.01.2019).

Crouch G. I (2011) Destination competitiveness: An analysis of determinant attributes. Journal of Travel Research, vol. 50(1), pp. 27-45. http://dx.doi.org/10.1177/ 0047287510362776.

Davydenko L., Ialtyhov D. (2016) Metodologııa razvıtııa ınnovatsıı v mırovoı ındýstrıı týrızma [Methodology for the development of innovation in the global tourism industry]. Jýrnal mejdýnarodnogo prava ı mejdýnarodnyh otnoshenıı, № 3-4 (78-79), pp.60-65.

Elliot S., Papadopoulos N., Kim S.S. (2011) An integrative model of place image exploring relationships between destination, product and country images. Journal of Travel Research, vol. 50(5), pp. 520-534. http://dx.doi.org/10.1177/ 0047287510379161.

Eýrazııalyq týrızm kaýymdastyǵynyń resmı saıty [The official website of the Eurasian Tourist Community]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi:http://eurasiantourism.com/about-us/ (qaraý kúni: 14.01.2019).

George Assaf A., Tsionas M. (2018) The estimation and decomposition of tourism productivity. Tourism Management, vol. 65, pp. 131-142.

Gorbylëva I.A. (2010) Osobennostı regýlırovanııa týrızma v mırovoı ekonomıke v postkrızısnyı perıod [Features of tourism regulation in the global economy in the post-crisis period]. Ýstoıchıvyı rost natsıonalnoı ekonomıkı: ınnovatsıı ı konkýrentosposob-

nost: materıaly II Mejdýnar. naých.-prakt. konf. aspırantov ı molodyh ýcheny, Mınsk: BGEÝ, pp. 44-46.

Hjalager A.M. (1997) Innovation patterns in sustainable tourism – an analytical typology. Tourism Management, vol.18 (1), pp. 35-41.

Hjalager A.M. (2002) Repairing innovation defectiveness in tourism. Tourism Management, vol. 23, pp. 465–474, http://dx.doi.org/10.1016/S0261-5177(02)00013-4.

Hjalager A.M. (2010) Progress in Tourism Management. A review of innovation research in tourism. Tourism Management, vol. 31(1), pp. 1-12. http://dx.doi.org/10.1016/j.tourman.2009.08.012.

«Kazakh Tourism» UK» AQ resmı saıty [Official site of NK JSC «Kazakh Tourism»]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi: http://qaztourism.kz/about/aboutCompany (qaraý kúni: 14.01.2019).

Kemeny T. (2011) Are international technology gaps growing or shrinking in the age of globalization? Journal of Economic Geography, vol. 11(1), pp. 1-35.

Kojabekov S.S., Sýleeva S.E. (2016) Razvıtıe kazahstanskogo rynka delovogo týrızma [Development of the Kazakh market in business tourism]. Aktýalnye naýchnye ıssledovanııa v sovremennom mıre, vol. 9-5, no 17, pp. 74-81.

Korablev V.A. (2014) Problemy formırovanııa ı razvıtııa ınfrastrýktýry týrızma kak bazovogo ýslovııa razvıtııa týrıstkoı otraslı v Kazahstane [Problems of formation and development of tourism infrastructure as a basic condition for the development of the tourism industry in Kazakhstan]. Vestnık ýnıversıteta Týran, vol. 3, no 63, pp. 90-94.

Kýlahmetova G.A., Nıkıtınskıı E.S. (2018) Ýstoıchıvoe razvıtıe týrızma ı sakralnaıa geografııa kazahstana [Sustainable development of tourism and sacred geography of Kazakhstan]. Materıaly II Mejdýnarodnoı naýchno-praktıcheskoı konferentsıı.Aktýalnye problemy razvıtııa týrızma

Line N.D., Runyan R.C. (2014) Destination marketing and the service-dominant logic: A resource-based operationalization of strategic marketing assets. Tourism Management, vol. 43, pp. 91-102. http://dx.doi.org/10.1016/ j.tourman.2014.01.024.

Medıeva G.A., Kozın A.I., Maıgojına G.K. (2017) Novyı etap razvıtııa týrızma v kazahstane: ekonomıcheskıe ı tehnologıcheskıe voprosy ı perspektıvy [New stage of development of tourism in Kazakhstan: economic and technological issues and prospects]. Mejdýnarodnyı jýrnal prıkladnyh ı fýndamentalnyh ıssledovanıı, vol. 10, no 1, pp. 130-133.

Memleket basshysynyń «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» atty maqalasy [The article of head of state «Future Orientation: Spiritual Revival»]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi:.http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (qaraý kúni: 14.01.2019).

Mýkanov A.H. (2012) Osnovnye pýtı povyshenııa effektıvnostı razvıtııa týrızma v Respýblıke Kazahstan [The main ways to improve the development of tourism in the Republic of Kazakhstan]. Ekonomıka ı ekologıcheskıı menedjment, vol. 2, pp. 337-345.

Myrzabekova A.E., Isakova B.M., Sembekov M.A., Týıakov R.S., Omarova K.A. (2018) Razvıtıe kazahstanskogo týrızma na sovremennom etape [Development of Kazakhstani tourism at the present stage]. IV Mejdýnarodnaıa naýchno-praktıcheskaıa konferentsııa. Sbornık: Klasternye ınıtsıatıvy v formırovanıı progressıvnoı strýktýry natsıonalnoı ekonomıkı, pp.206-208.

Nordin S. (2003) Tourism Clustering & Innovation – Paths to Economic Growth & Development. Ostersund: European Tourism Research Institute Mid-Sweden University.

Novık E.V., Smaılova D.R., Ýrýzbaeva N.A. (2016) Perspektıvy razvıtııa avıatrnasportnoı otraslı Kazahstana kak neotemlemogo elementa týrıstskoı ınfrastrýktýry [Prospects for the development of the aviation industry of Kazakhstan as an integral element of the tourist infrastructure]. Materıaly mejdýnarodnoı naýchno-praktıcheskoı konferentsıı. Praktıcheskaıa ekonomıka ı menedjment: metody ı tehnologıı, pp. 38-45.

Plan razvıtııa BKZ Akmolınskoı oblastı na 2017-2020 gody (III etap) [The development plan for the SCHBKZ of the Akmola region for 2017–2020 (IIIrd stage)]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi:.http://www.turakmo.kz/?c=405#topcontent (qaraý kúni: 14.01.2019).

«Qazaqstan Respýblıkasyn ındýstrıalyq-ınnovatsıalyq damytýdyń 2015 – 2019 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy» [The state program of industrial-innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2015-2019]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi:.http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn- http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627 (qaraý kúni: 14.01.2019).

Qazaqstan joly – 2050: bir maqsat, bir múdde, bir bolashaq. Qazaqstan Respýblıkasynyń Prezıdenti N.Á.Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna joldaýy, 2014 jylǵy 17 qańtar [Kazakhstan's way – 2050: common goal, common interests, common future. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people of Kazakhstan, 17th of January, 2014 year]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi:. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400002014 (qaraý kúni: 14.01.2019).

Qazaqstan qonaq úıleri men meıramhanalarynyń resmı saıty [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi:http://kagir.kz/kg_0101.html (qaraý kúni: 14.01.2019).

Qazaqstan Respýblıkasy Mádenıet jáne cport mınıstrliginiń resmı ınternet-resýrsy [Official internet resource of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan]. [Elektrondy resýrs]. – Kirý tártibi: https://mks.gov.kz/rus/informery/komitety/komitet_industrii_turizma/ (qaraý kúni: 14.01.2019).

Qazaqstan Respýblıkasy Úkimetiniń 2017 jylǵy 30 maýsymdaǵy № 406 qaýlysymen bekitilgen Qazaqstan Respýblıkasynyń týrıstik salasyn damytýdyń 2023 jylǵa deıingi tujyrymdamasy [Concept of development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan till 2023, approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan of June 30, 2017 № 406.].

Qazaqstan Respýblıkasy Úkimetiniń 2018 jylǵy 22 qańtardaǵy №25 qaýlysymen bekitilgen «Memleket basshysynyń 2018 jylǵy 10 qańtardaǵy «Tórtinshi ónerkásiptik revolıýtsııa jaǵdaıyndaǵy damýdyń jańa múmkindikteri» atty Qazaqstan halqyna joldaýy» [The Message of the Head of State to the People of Kazakhstan «New Opportunities for the Development of the Fourth Industrial Revolution on January 10, 2018», approved by a decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated January 22, 2018.].

Qazaqstan Respýblıkasynyń týrıstik salasyn damytýdyń 2025 jylǵa deıingi memlekettik baǵdarlamasynyń jobasy. [State program of tourism industry development of the Republic of Kazakhstan till 2025 (draft)]. -